


ҮШ ДАРИЯДАН НӘР АЛҒАН



«Герольд бельгер – қазақ әдебиетіндегі теңдессіз құбылыс».

Ш. Айтматов

2018 жылдың 28 қазанында М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да «Қазақ халқының неміс ұлы» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиын көрнекті жазушы, сыншы, журналист, публицист және қоғам қайраткері Герольд Бельгердің 84 жылдығына арналды. Конференцияда «Немістердің Солтүстік Қазақстанға жер аудару тарихы», «Герольд Бельгердің Қазақстан мәдениетіне қосқан үлесі» тақырыбында баяндамалар оқылып, үш тілді жетік меңгерген жазушының журналистік және публицистік қасиеттері жайлы сөз қозғалды.

Конференцияда «Wiedergeburt» немістер кеңесі РҚБ төрағасы Александр Дедерер қаламы ұшқыр азаматтың туған өлкесіне жазған хатын оқып, Герольд Бельгердің өмірбаянына тоқталды. Жазушының шығармашылығына арналған «Үш дариядан нәр алған» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

